

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[24SD-071]

V35A қозғалтқышының түпкі мойынтірек төсемдері

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға тартылған автомобильдер белгілі бір үлгідегі қозғалтқышпен жабдықталған. Уақыт өте келе қозғалтқыш подшипниктері ішпектерінің істен шығу ықтималдығы бар. Бұл, өз кезегінде, қозғалтқышта соққы дыбысының пайда болуына, оның бірқалыпсыз жұмыс істеуіне немесе қозғалтқыштың іске қосылмауына әкелуі мүмкін.

Толық ақпаратты Lexus-тің ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Қозғалтқыштың мойынтірек төсемдерінің атқаратын қызметі қандай?

Түпкі мойынтірек төсемдері иінді біліктің түпкі мойындарын тығыз қамтиды, бұл оның бірқалыпты және барынша аз үйкеліспен айналуына мүмкіндік береді.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Lexus-тің ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Lexus-тің кәсіби мамандары тексеру жүргізіп, қажет болған жағдайда қозғалтқышты толық жинақ күйінде жаңасына **МҮЛДЕМ ТЕГІН** ауыстырады.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Қозғалтқышты толық жинақ күйінде ауыстыру автомобильдің жағдайына байланысты **шамамен 21-ден 30 жұмыс сағатына дейін** уақыт алады. Дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Lexus модельдері қатысады:

- **LX** (шығарылған жылы: 2022 ж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі шектелмеген.